1. Индикатор туралы ақпарат	
Мақсат	Қазақстан Республикасында энергетикалық инфрақұрылым мен технологияларды дамыту және жаңғырту, оның ішінде энергоменеджмент жүйелерін енгізу арқылы.
Міндет	2030 жылға қарай энергия менеджменті жүйесін енгізетін кәсіпорындардың үлесін ұлғайту, сондай-ақ ұлттық басымдықтар мен даму бағдарламаларын ескере отырып, қазіргі заманғы, орнықты және энергия тиімді энергиямен жабдықтауға қол жеткізу үшін энергетикалық инфрақұрылым мен технологияларды жаңғыртуды қамтамасыз ету.
Көрсеткіш	Энергоменеджмент жүйесін енгізетін кәсіпорындардың үлесі
2. Ұйым туралы ақпарат	
Ұйым	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтама	**Энергия менеджменті** – энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саясатын, іс-шаралар жоспарларын, мониторинг рәсімдері мен әдістемелерін, энергия тұтынуды бағалауды және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған басқа да іс-қимылдарды әзірлеуді және іске асыруды қамтитын энергетикалық ресурстарды ұтымды тұтынуды қамтамасыз етуге және басқару объектісінің энергия тиімділігін арттыруға бағытталған әкімшілік іс-қимылдар кешені.
Негізгі түсініктер:	**Энергетикалық ресурстар** – жинақталған энергиясы қазіргі уақытта пайдаланылатын немесе болашақта шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінде пайдаланылуы мүмкін табиғи және өндірілген энергия тасымалдаушылардың жиынтығы, сондай-ақ энергия түрлері (атом, электр, химиялық, электромагниттік, жылу және энергияның басқа түрлері); **энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану** – энергетикалық ресурстарды пайдаланудың техникалық мүмкін және экономикалық негізделген деңгейіне қол жеткізу; **энергетикалық тиімділік** – өнім бірлігіне энергия ресурстарын тұтыну
Негіздеу және түсіндіру	Қазақстанның ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2025 жылға қарай кемінде 25%-ға және 2050 жылға қарай кемінде екі есе (2008 жылғы деңгейден) төмендету. Қойылған міндеттерге қол жеткізу тәсілі энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы іс-шараларды іске асыру болып табылады.
4. Дереккөздер және жинау әдістері	
Дереккөздер	МЭТ субъектілері үшін 3-нысан МЭТ қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының ӘділетМинінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 11728 болып тіркелді.
Жинау әдістері	Жыл сайын 1 сәуірге дейінгі мерзімде ақпарат ұлттық институтқа қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады. Қазіргі уақытта МЭТ ААЖ (Мемлекеттік энергетикалық тізілімнің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі) арқылы.

Өлшем бірлігі	пайыз
Кезеңділік	Жыл сайын
5. Есептеу әдісі және басқа әдіснамалық ойлар	
Есептеу әдісі:	Индикатор энергоменеджмент жүйелерін енгізген Қазақстан Республикасы кәсіпорындары санының есепке алынуға жататын кәсіпорындардың жалпы санына пайызбен көрсетілген қатынасы ретінде есептеледі. Есепке ISO 50001 бойынша сертификаты бар немесе энергоменеджмент жүйесінің құжатпен расталған жұмыс істеуі бар кәсіпорындар енгізіледі. Есептеу МЭТ деректері бойынша жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады.
Пікірлер мен шектеулер:	-
6. Деректердің қолжетімділігі және дезагрегация	
Деректердің қолжетімділігі және бос орындар:	МЭТ қалыптастыру және жүргізу қорытындылары ұлттық институттың ресми сайтында пайдаланушылар үшін қолжетімді
Дезагрегация деңгейі:	МЭТ субъектілері облыстар, қалалар, аудандар мен ауылдар бөлінісінде ұсынылған. Бұдан басқа меншік нысандары (ММ, КВ, заңды тұлға, ЖК) және ЭҚЖЖ бойынша бөлінеді
7. Халықаралық деректермен / стандарттармен алыстырмалылық	-
8. Сілтемелер мен құжаттама	http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1200000541 Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" № 541-IV Заңы. http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011728 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің "Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 31 наурыздағы № 387 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 11728 болып тіркелді. http://kazee.kz Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты.